

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. Иванова Т.П., Брандес М.П. Стилистическая интерпретация текста. - М.: Высшая школа, 1991. – 144 с.
5. Виноградов В.В. О теории художественной речи. – М.: Высшая школа, 1971. – 249 с.
6. Гостева Т. Лингвостилистические особенности и текстообразующий потенциал пейзажных описаний в американской прозе XIX-XXI вв.: канд. дис. – Барнаул, 2007. – 229 с.
7. Маретбаева М. Әңгімелеу мәтіні: монография. – Қарағанды, 2013. – 168 б.
8. Қабатай Б.Т. Көркем мәтіндердегі кейіпкер тілін талдау // Электронды ресурс: http://www.rusnauka.com/8_NMIV_2013/Pedagogica/2_131794.doc.htm
9. Ахметова М. Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістемелік құралы. – Орал, 2008. – 148б.
10. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық, II том. //Жауапты шығарушы: А.Айдашев. – Алматы: «Жазушы», 1986. - 288 б.
11. Бабалар сөзі // Электронды ресурс: <http://www.ikitap.kz>

ӘОЖ 83.0/84'52

ТІЛДІК ТҰЛҒА – ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Қалидолла Әсел Дастанқызы

lady.asselya@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Бейсенбай А.Б.

Соңғы онжылдықта қазақ тіл білімінде түрлі ғылым салаларының жаңа бір нүктеде түйісіп, дамыған білім мен ғылым салаларынан синтезделген жаңа ғылым нысандарын синтездеу үрдісі байқалып келеді. Бұдан басқа тағы да маңызды құбылыс – барлық дерлік ғылым салаларында адамға қарай бетбұрыстар жасалып, антропоцентристік парадигмалар бой түзеп келе жатқандығы. Адамның болмысын тануға деген бағдар сан түрлі болып отыр. Бір жағынан жалпыадамзаттық мәселелер десек, екінші жағынан биологиялық мәселелер, үшіншіден психологиялық, төртіншіден, әлеуметтік және жеке адами тақырыптар, осылай таралып дамып келеді. Осылардың барлығында адам және адамның жеке тұлға ретіндегі болмысы орталық нысанға айналып келеді.

Тілдік тұлға, ғылыми ұғым ретінде қалыптасқаннан бастап, философияның, әлеуметтанудың, психологияның адамның тән мен жанының қасиеттерін зерттеген мәліметтерін тіл біліміне алып келіп, ендігі ретте осы жан дүние байлығының сәулеленуі коммуникация барысында ғана мүмкін болатыны туралы мәселені ғылыми нысанға айналдырды. Келесі кезекте сол ерекше феномендік құбылыстың жүзеге асырылу үдерісін тілдік тәсілдерін, психологиялық әсерін, әлеуметтік ықпалын біртұтастықта зерттеу қолға алына бастады.

Тіл білімінде адамның тұлғалық болмысы енді «тілдік тұлға» ретінде дербес зерттеу нысанына айналып отыр. Осы «тілдік тұлға» тақырыбының өзі тек тіл білімінің ғана емес, бірқатар ғылым саласының зерттеу нысанына айналып келеді. Бұл ретте психология, когнитивтік психология, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, философия, этнолінгвистика, лингвомәдениеттаным т.б. көптеген ғылым салалары «тілдік тұлға» мәселесіне қатысты көптеген зерттеулер жүргізіп, мол деректер табылып, үлкен көрсеткіштерге қол жеткізілуде.

Жеке тұлға – қоғамдық ғылым салаларында ерекше сапа болмысындағы адам ретінде анықталады. Ондай адам басқа адамдармен бір әлеуметтік-мәдени ортада өмір сүре жүріп, басқа адамдармен қарым-қатынас жасай жүріп өзінің ерекше сапалылығын ашады, басқаларға да оны танытады. Осындай ерекше қасиеті арқылы жеке тұлға әлеуметтенген тұлғаға айналады. Бірақ айналып қана қоймайды, жалпы адам баласының қоғамда өмір сүруінің түпмәнін танытады. Ол өзінің биологиялық және әлеуметтік қасиеттердің

жиынтығы болуы арқылы басқалармен бірдей сияқты болғанымен, туа біткен асыл қасиеттерін және өмірлік тәжірибе барысында жинақтаған асыл қасиеттерін қоғамда өмір сүрудің игілікті жолдары таба білуі және оны басқаларға үйрете алуы арқылы танытады. Жеке тұлға қоғамдық ғылымдар осылай анықтайды.

Жеке тұлға, негізінде, қарым-қатынас жасаудың барлық дерлік типіне еркін қатыса алатын болғандықтан, оның тілдік тұлғасын зерттеуде белгілі бір әлеуметтік топпен жасайтын қарым-қатынасының, сөйлеуі мен сөйлесуінің нормасы тарапынан алу жөн болады деп ойлаймыз. Өйткені барлық әлеуметті ортадағы сөйлеу ерекшелігін, тілдік тәсілдерін зерттеу жұмыс арнасынан асып кететіні анық.

Сөйтіп, сөйлеу аясы мен сөйлеу ерекшеліктеріне байланысты, коммуникативтік мінез-қылық ерекшелігіне байланысты зерттеудің аясы кеңейіп, жеке адамның тілдік тұлғасы және ұжымның тілдік тұлғасы мәселелері де сараланып шығатынын көреміз. Бұл – тікелей әлеуметтік мәдени лингвистиканың зерттеу нысаны. Өйткені әлеуметтік мәдени лингвистика тілдік тұлғаны зерттеуде оның әлеуметтік тобына қатысты, жасына қатысты, білімі мен өмір сүру стиліне қатысты мәселелерге зер салады. Яғни тілдік тұлғалардың ішіндегі типтік ерекшеліктерге баса назар аударады.

Тілдік тұлғаны зерттеуде оның коммуникативтік мінез-қылығы да маңызды болып табылады. Өйткені коммуникативтік мінез-қылық – белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың, ұлттың нормалары мен әдет-ғұрыптарының жиынтығы. Ал осы тілде сөйлейтін, жазатын жеке тұлғаның да осы жалпы ұлтқа тән ерекшеліктерді меңгерген болуы айқын мәселе.

Коммуникативтік мінез-қылық арқылы тілдік тұлғаның белгілі бір ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды игергендігі, оны қолданудағы авторлық ерекшеліктері танылады. Тілдік тұлғаның сөйлеуінде, жазуында, өзінің әлеуметтік мәдени ортада ұстауында қазақша коммуникативтік мінез-қылық қалыптасқандығы арқылы ғана ол қазақша тілдік тұлға деңгейіне көтеріле алады. Қазақы коммуникативтік мінез-қылық тілдік тұлғаның өзгеге көрсетер үлгісі, үйретер тағылымы да болуы керек.

Тілдік тұлғаларды зерттеу арқылы олардың қазақша коммуникативтік мінез-қылықтарынан әлеуметтік мінез-қылық қалыптастыруға үлгі өрнектер алынады. Егер тілдік тұлғаның тілдік лабораториясында қазақша сәлемдесуден бастап, табиғатқа, қоғамға, жеке адамға арналған қарым-қатынасына дейінгі аралықта ұлттық коммуникативтік мінез бен қылық қалыптасқан болса, онда бұл біртіндеп қазақстандық әлеуметтік символизмге айналады. Сөйтіп, туған елдің мінез-қылығы рухани дүниеде тілі мен рухының біріккен болмысынан «Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне» айналатын қуатын табады.

Психология мен психолингвистика тұрғысынан алғанда, тілдік тұлға өзін, ең алдымен, тілдік сана тұрғысынан танытады. Тілдік сана тұрғысынан оның сөйлеген сөзі, жазған туындылары психикалық феномен және материалдық феномен ретінде танылады. Психикалық феномен ретінде тілдік тұлғаны бірнеше қырдан қарастыра аламыз. Тілдік тұлғаның когнитивтік сипаттамасы оның дүниетанымдық картинасынан, осы шынайы өмірге деген көзқарасынан, өмір мен адамдар, рухани әлем мен материалдық дүние, білім мен ғылым, өнер, тұрмыс пен еңбек, дін мен мәдениет, бостандық пен бақыт т.б. осындай мәселелер туралы жалпыадамзаттық, ұлттық, жеке тұлғалық құндылықтар жүйесін жырлауынан, сол туралы айтуынан, сұхбаттарда сөйлеген сөзінен, жазған туындыларынан танылады.

Тілдік тұлғаның болмысын ұлттық мәдениет, адамзаттық өркениет, жеке адамның көзқарасы тұрғысынан қарастырып, сөздерін осы деңгейлер бойынша таладу жасағанда, оның шынайы сөзі мен бейвербал құралдары, тәсілдерінің саналы және бейсана түрде қолданылғанына да назар аударамыз.

Тілдік және бейвербалдық тәсілдерді қолдана отырып, тілдік тұлғаның қазақ тілін қолдануы мен қазақы мәдениетті дамытуы жөніндегі үлесі туралы айта аламыз.

Тілдік тұлғаның қолға түскен сөз өрнектеріне жан-жақты лингвистикалық талдау жасай отырып, ондағы прагматикалық лингвистика, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік грамматика мәселелеріне де тоқтау маңызды болып табылады.

Өйткені қазақ халқының «Кісіге қарап, сөз алма, сөзіне қарап, кісіні ал» деген даналығы барлық адамға қатысты емес, тек тілдік тұлғаларға ғана қатысты деп санаймыз. Ол ойымызды қазақтың «Кісілер көп, кісілікке кендеміз» деген даналығындағы «кісі» сөзінің «тұлға» ұғымына жақын келетіндігінен де бекіте түсеміз.

Қазақ халқының «Жігіт жақсысы сегіз қырлы, бір сырлы» деген бағалау концептісі белгілі. Осы ойды әрі қарай жалғастырсақ, «Жігітке жетпіс өнер де аз» деген даналықты, одан соң, «Өнер алды – қызыл тіл» деген биіктен қойылған талапты танымыз. Осылардың барлығын бір тізбек, синтагмаға түзіп шығатын болсақ, қазақ халқының «тілдік тұлға» туралы ұлттық ойын, тілдік тұлғаны қалыптастыру ниеті мен бағдарын көреміз.

Сонда ЖАҚСЫ деген адамның, ең алдымен, тілі жақсы болуы шарт. Бұл мәселені біз Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ғылымдар классификациясы» деген трактатынан көреміз. Ол ғылымдардың ең бастауына тіл өнерін қойған. [Әбу Насыр әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1972].

Тілдік тұлғаның сөзінен ешқашан этикалық, эстетикалық нормадан ауытқулар байқалмайтын болуы керектігі белгілі. Өйткені, халықтың ішінен қайнап шыққан құрыштар қоғамдағы барлық дерлік әлеуметтік қабаттардың тілін, ділін, қарым-қатынас жасау ерекшелігін біліп қалыптасатыны белгілі.

Бұл тұста біз Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» кітабындағы елдегі барлық әлеуметтік топтармен тіл табысатын адамды яғни Ел билеушіні тәрбиелеу мақсатынан көреміз. Жүсіп Баласағұнидің тілге берген сипаттамасы да осы тұрғыдан айтылған:

«Адамзатты топырақ, су, ауа, оттан,
Құдыреті күті Жалғыз Алла жаратқан.
Жаратқан да, оттан өткір көз берген,
Сай-сүйекті сырқыратар сөз берген»
[Құтты білік. – Алматы, 1982]

Осындағы «Сай-сүйекті сырқыратар сөз берілгендер» – тілдік тұлғалар. Өйткені тілдік тұлға ғана қоғамның барлық топтарына бірден түсінікті, барлығына бірдей әсер ететін сөзді табады, құрастырады, айта алады. Қазақтың «шешен», «би» деген категорияларының «тілдік тұлға» ұғымымен тығыз байланыстылығы да осыдан туындайды деп ойлаймыз.

Негізінде, жүйелі ойдан туындайтын жүйелі сөздің қуатты әсерін кез келген сол тілді түсінетін, сөйлейтін тыңдаушы сезіне алады. Тіл мен ойлаудың байланыстылығы мәселесі де тілдік тұлға тақырыбына тікелей қатысты болып табылады. Қазақ тілі, нақты ұғымдар жүйесі ретінде, қазақтардың, қазақ тілінде сөйлейтіндердің, ойлау ерекшеліктерінің алғышартын қалайды. Бұл мәселені қазіргі кезде этнолингвистика, лингвомәдениеттаным, психолінгвистика салалары терең зерттеп келеді.

Бұл ойымызды былайша модельдейміз.



Бұл модель толық болмауы да мүмкін. Өйткені адам баласының танылмай, зерттелмей жатқан сансыз қырлары болғандықтан, адамның тілдік тұлға деңгейіндегі болмысы тіпті де күрделі, тылсым қасиеттерге ие болатыны анық. Сондықтан берілген модельді біз «ашық жүйе» деп анықтай аламыз.

Тілдік тұлға тіл білімінің зерттеу нысанына айналуын ғалымдар В.В. Виноградовтың 1930 жылғы көркем проза тіліне қатысты еңбегінен бастау алған деп белгілейді. [Виноградов В.В. Избранные труды. О языке художественной прозы. – М. : Наука, 1980. – 360 с.]. Тіл білімінің дамуымен бірге «тілдік тұлғаны» зерттеуде осы ұғымға қатысты мәселелер тіпті күрделеніп кетті. Психолингвистика саласының қарқынды дамуымен байланысты, көп ретте, адамның тілдік болмысы тұтастықтан бөлшектеніп, сөйлеуші мен тыңдаушы моделі болып бөлініп, одан әрі үшжақты модель түрінде қарастырылды.

Қазіргі кезде тіл білімінде тілдік тұлғаның қалыптасу жолдарын түрліше модельде қарастыратын еңбектер де көбейіп келеді. Олар: мәдени тұлға, коммуникативтік тұлға, сөйлеуші тұлға, тілдік (және ой) тұлға. Ал, түптеп келгенде, біздің ойымызша, тілдік тұлғаның осылай бөлуінің себебі, біріншіден, сөзсіз, зерттеу нысанының саралана қарастырылуы; екіншіден, тілдік норма мен коммуникативтік норма тұрғысынан қарастыру мәселесінен; үшіншіден, түрлі мамандық пен кәсіп иелерінің тілдік шеберліктерін тану мәселесінің туындауынан.

Тілдік тұлғаны тану және оның құрылымын анықтауда Ю.Н. Карауловтың моделі өте тиімді болды деп саналады. [4.]

Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаның үшдеңгейлік моделін ұсынған болатын.

- Бірінші деңгей – тілдік-семантикалық деңгей, мұнда табиғи тілді меңгеруі және белгілі бір мағыналы айтылымдардың формалдық құралдарын сипаттауы талап етіледі.
- Екінші деңгей – когнитивтік деңгей, мұнда әрбір тілдік дербестікті танытатын ұғымдар, идеялар, тұжырымдардың белгілі бір тәртіпке негізделген жүйесі болуы, сол арқылы «әлемдік картинасының» құралуы, құндылықтар иерархиясының түзілуі талап етіледі. Тілдік тұлғаны зерттеуде бұл деңгейде оның тілінде көрініс тапқан біліміне, зияткерлік әлеміне, сөйлеуіне, түсінуіне, түйсінугіне, танымына назар аударылады.
- Үшінші деңгей – прагматикалық деңгей, сөйлеу мақсатын, мотивтерін, қызығушылығын, бағдарын, емеурін-ниетін білдіретін деңгей. Бұл деңгейде зерттеу барысында тілдік тұлғаның сөйлеу әрекетінен оның өмірлік болмысына қарай өту жүзеге асырылады. Сөз бен шынайы істің бірлігі мәселесі қарастырылады.

Ю.Н. Карауловтың үшдеңгейлік тілдік тұлға моделінің ерекшеліктеріне кеңірек тоқталамыз. Бұл модельдің құрылымының өзіндік ерекшеліктері мол. Соның ішінде бастысы ретінде бұл модельдің соңғы екі деңгейдің психология саласымен тығыз, тіпті етене байланысты болып келетіндігін атап кету керек. Бастапқы, алғашқы деңгей тілдік тұлғаның нольдік деңгейі болып есептелетін болса да, мұнда тілдік тұлғадан гөрі, барлық жеке адамға (индивидке) тән ерекшеліктер болса да, тілдік тұлғаның бастау алатын көзі осы деңгей болып табылады. Ю.Н. Карауловтың айтуынша, алғашқы яғни тілдік-семантикалық деңгей тілдік тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін танудың алғашқы сатысы және осы деңгейде тілдік тұлғаның ассоциативтік-тілдік желісі қалыптасады. [4]. Ю.Н. Карауловтың осы үшдеңгейлі тілдік тұлға моделінің тұжырымдамасы көптеген жаңа идеяларды туғызып, осы бағыттағы зерттеулердің легін тудырды, шәкірттерін қалыптастырды (С.Г. Воркачев, Н.Ю. Буряк, А.А. Гаврилина, Г.И. Богин, И.П. Сусов).

Осы бағыттағы еңбектерді талдай келе, тілдік тұлғаның моделін тану бойынша қалыптасқан бірнеше бағыттарды анықтауға болады. олар:

- Ең алдында, тілдік тұлғаның өзінің болмысын нақты жеке адам ретінде көрсетеді, бұл жағдайда зерттеу тұжырымы тілдік тұлғаның тілдік немесе коммуникативтік тұрғыдан танылған ерекшеліктерге байланысты болады.
- Екіншіден, тілдік тұлғаны зерттеу барысында оның (тілдік тұлғаның) типтері, стереотиптері, тұрақты қасиеттерін анықтайтын жіктеу құралдары анықталады.

- Зерттеу тұжырымы тілдік тұлғаның және тілдің неғұрлым жалпы, ортақ деңгейлерін зерттеуге және сол арқылы талдаудың жаңа нәтижелерін алуға бағдар ұсынады.

Тілдік тұлғаның тіл біліміндегі қалыптасқан модельдерінің ішіндегі осы деңгейлердің ерекшеліктеріне тоқталып өтейік.

Тілдік-семантикалық деңгейде жеке адамның тілдік ерекшеліктерінің көрініс беруі өте аз дәрежеде болады. Ал, есесіне, ұлттық тілдік ерекшеліктің көрініс беруі де өте жоғары деңгейде болады. Өйткені, тіл – тұтас ұлттың мұрасы болғандықтан, онда ұлттық мағына, мән, ұғымдар жүйесі сол тілде сөйлеуші әрбір адам үшін мирасқоры ретінде қолдануына болады.

Когнитивтік деңгейде тіл ерекше бір қарапайым дүниетаным картинасы беріледі. Бұл деңгейде жеке адам мен тұтас ұлттың дүниетамына үйлесе бастайды. Осы деңгейде тұлға мен халық тілінің көрініс дәрежесі үйлеседі, тіл мен адамның ықпалы екі тараптан бірдей бола бастайды.

Прагматикалық деңгейде жеке адамның көрінісі ұлғая бастайды, өйткені осы деңгейде ендігі ретте тілдік тұлғаның сөйлеу ниеті мен жағдаяттық мотивтері, қызығушылықтары күшке енеді. «Тілдік тұлға» ұғымы тұлға мен оның жеке санасымен, дүниетанымымен байланысты бола бастайды. Барлық тұлғалар өзінің дербес болмысын тілдік қарым-қатынас арқылы таныта бастайды. Ғалымдардың айтуынша, тілдік тұлға – адамның тіл ішіндегі проекциясы. Тілдік тұлғаның болмысы өте күрделі, оның құрылымында өзінің биологиялық, әлеуметтік көрсеткіштерден (жасы, әлеуметтік лауазымы, туған жері, кәсібі, сенімі, әлеуметтік рөлі) басқа, тұлғалық көрсеткіштері де бар – құндылықтар, әлем, өмір туралы көзқарасы, түсінігі, сенім-нанымы т.б.

Тіл білімінде «тілдік тұлғаны» зерттеу барысында соңғы жылдары «тілдік тұлға» ұғымы кеңейіп, «сөйлеуші тұлға», «коммуникативтік тұлға» ұғымдары пайда болды.

«Сөйлеуші тұлға» – өзін коммуникация барысында танытып, сөйлеу немесе сөйлесуі барысында белгілі бір стратегия мен тактикаларды таңдап. Іске асырушы, лингвистикалық және экстралингвистикалық құралдарды қажетінше таңдап, жағдаятқа лайық соларды орынды қолдана алатын тұлға. «Тілдік тұлға» – сөйлеуші тұлғалардың парадигмасы десек, «сөйлеуші тұлға» – керісінше, шынайы қарым-қатынас парадигмасындағы «тілдік тұлға».

«Коммуникативтік тұлға» дегеніміз – жеке адамның коммуникация үдерісінде өзінің коммуникативтік құзыреті ретінде жеке коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың, когнитивтік, семиотикалық, мотивациялық жиынтығын сәтті жүзеге асыра білуі.

Тіл білімінде тілдік тұлғаның ерекшеліктері терең зерттелген сайын, топ пен шынайы өмірдегі тұлға мен тілдік тұлғаның жекелеген сипаттарының арасындағы байланыстар анықтала береді. Нақты адам сияқты, тілдік тұлға да жүйелі және вариативті, тұрақты және өзгермелі сипаттарға ие.

Қазақ тілі білімінде тілдік тұлға мәселелерін зерттеген Р. Сыздық, Е.Жанпейісов, Г. Мұратова, Ж. Манкеева, Ш. Ниятова, Ш. Елемесова, А. Жуминова т.б. еңбектері белгілі.

Сонымен, тілдік тұлға, тілі біліміндегі зерттеулер нәтижесінде анықталғандай, адамның сөйлеу туындыларын жасау және қабылдау қабілеті мен сипатының жиынтығы болып табылады. Ғылымда тілдік тұлғаны көпқырлы тұлғаның бір бөлшегі ретінде емес, тұлғаның өз бойында психикалық, әлеуметтік, этикалық компоненттерді жинақтаған болмысын тани аламыз, соның барлығы тілдік тұлғаның сөйлеу тілі арқылы танылады деп анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбу Насыр әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1972 ж.
2. Құтты білік. – Алматы, 1982 ж.
3. Виноградов В.В. Избранные труды. О языке художественной прозы. – М. : Наука, 1980. – 360 с.
4. Караулов Ю. Н. . Русская языковая личность и задачи её изучения. Язык и личность. – М., 1989. – С. 3–8.